

№5 Педагогикалық кеңес

Хаттамасы

29 мамыр 2024 жыл

Тақырыбы: «2023-2024 оқу жылының қорытындысы: жетістіктер мен болашаққа жоспар»

- **Мақсаты:** Оқу жылындағы жұмыс нәтижелерін саралау, мониторинг қорытындысын шығару.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер

1. Тәрбиеленушілердің білік пен дағдыларының даму деңгейіне жасалған мониторингтің (бастапқы, аралық, қорытынды) талдауы.
2. Балабақша педагогтарының 2023-2024 оқу жылындағы жетістіктері, аттестация қорытындысы.
3. Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскер У.М.Гумарова Құрметті әріптестер! Оқу жылының басында жүргізілген бастапқы мониторингтің басты мақсаты-балалардың бастапқы білім деңгейін, қызығушылықтары мен жеке ерекшеліктерін анықтау болды. Бұл бізге оқу-тәрбие иүдерісін дұрыс жоспарплауға мүмкіндік берді. Өткізілген жүйелі жұмыстардың нәтижесінде қорытынды мониторинг оң динамиканы көрсетті. Төмен деңгейдегі балалар саны азайып, жоғары және орта деңгейдегі көрсеткіштер өсті.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Б.Султанова 2023-2024 оқу жылында балабақшада барлығы 8-педагог қызмет атқарды. Оның ішінде жоғарғы білімдісі-1, орта білімдісі- 7. Оқы жылының басымен салыстырғанда педагогтардың біліктілік деңгейі мен кәсіби шеберлігінің өсу динамикасы байқалды. 2023-2024ж 3-педагог аттестаттаудан өтті. Педагогтардың ұлттық біліктілік тестілеу және қорғау қорытындысы бойынша –педагог модератор деңгейін алғандар.

1. Гумарова У.М. (әдіскер)
2. Галияскарова А.С. (Қазақ тілі)
3. Ниязова Н.Ш. (тәрбиеші)

Үшінші мәселе бойынша Балабақша меңгерушісі А.Б.Султанова

Жазғы сауықтыру жұмыстарының негізгі мақсаты-балалардың денсаулығын нығайту,шынықтыру және ағзаны дәрумендермен байыту.Кешенді жоспарлау баланың бос уақытын мағыналы әрі қызықты өткізуге бағыттау.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Бастапқы және қорытынды мониторингтің нәтижелері бойынша педагогтардың жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын. Төмен деңгей көрсеткен білім алушылармен /тәрбиелекнугілер жұмыс істеу үшін жеке түзеру-дамыту карталары әзірленсін және іске асырылсын.

Жауаптылар: тәрбиешілер

2.2023-2024ж оқу жылындағы педагогтердің жетістіктері мен аттестаттау қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын. Аттестаттаудан өткен педагогтардың іс-тәжірибесі балабақша ішінде кеңінен таратылсын.

Жауаптылар: әдіскер

3. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған іс-шаралар жоспары бекітілсін.

Жауаптылар: әдіскер

Төраға А.Б.Султанова
Хатшы У.М.Гумарова

